ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 81 (3908)
30 қазан 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ



Заң, қоғам, ар алдындағы жауапкершілік – судья еңбегінің өлшемі

4-БЕТ



Ғұмыр-ғайып
ардақты азамат, білікті заңгер Балапан Әбенов туралы естелік

8-БЕТ



Ақылы мектептегі баға сапаға сай ма?

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты кезекті жолдауын жариялады. Бұл жолдаудың ерекшелігі – оның елдің саяси жүйесі жаңарып, жаңа Конституция күшіне енгеннен кейінгі алғаш жасалып отырғандығында. Ең бастысы – жаңа саяси, экономикалық жағдай халықтың күнделікті өміріне қандай өзгеріс әкеледі? Жолдаудың негізгі салмағы да осында.

(Жалғасы 3-бетте)

БӘРЕКЕЛДІ

ПАРАЛИМПИАДА ШЕБЕРЛЕРІ ҮЗДІК ОНДЫҚҚА ЕНДІ

Жапонияда өткен V жазғы Пара Азия ойындары Қазақстан үшін сәтті болды. 45 елдің спортшысы қатысқан бұл байрақты бәсекеде ел құрамасы өз тарихында алғаш рет үздік ондыққа енді. Дәлірек айтқанда 12 алтын, 16 күміс, 22 қола медальмен жалпыкомандалық есепте тоғызыншы орыннан көрінді.



Құрама қоржынына ең көп жүлде пара дзюдошылар (5 алтын, 1 күміс, 7 қола – жалпы 13 медаль) салып, бұл спорт түрінен жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Сол сияқты пара велоспорт нағыз жаңалыққа айналды. Спортшыларымыз трек пен тас жолдағы сында 4 алтын медаль еншіледі. Пара жүзу мен пара пауэрлифтинг дәстүрлі түрде өз деңгейін сақтап қалса, тарихи серпіліс пара үстел теннисі мен пара садақ ату спорт түрінде тіркелді. Осы уақытқа дейін бұл екі бағыттан Азия деңгейінде жүлде бұйырмаған еді. Нагоя төріндегі алғашқы медальдар елдегі спорттық географияның кеңейгенін және жаңа секциялардың жұмысы нәтиже бере бастағанын көрсетті. Биыл сонымен қатар Еркін Ғаббасов (оқ ату), Давид Дегтярев (пауэрлифтинг), Диас Кенжебек (100 метрге арқамен жүзу, S10 санаты) және Айсұлу Сүлейменова (100 метрге жүгіру) Азия рекордын жаңартып, есімі спорт тарихына енді. Ал ең бастысы құрлықтық додадағы жеңістерден кейін халықаралық рейтингте Қазақстан спортшыларының позициясы жақсарды. Бұл 2028 жылы Лос-Анжелесте өтетін Паралимпиадаға рекордтық көлемде жолдама алуға мүмкіндік береді. Яғни, ұлттық құраманың бұл жетістігі кездейсоқтық емес, жүйелі дайындық пен спортшылардың теңдессіз ерік-жігерінің жемісі деуге болады. Өйткені кейбір спорт жанкүйерлері көршілес Өзбекстан құрамасының Қытай мен Жапонияға ғана жол беріп (45 алтын, 49 күміс, 51 қола) 3-орын алуын алға тартып, Қазақстан Орталық Азиядағы көшбасшылығын жоғалтуда деп дабыл қағуда. Оның келісетін де, келіспейтін де тұсы бар. Мысалы, Қазақстан құрамасы 2010 жыл Гуанчжоуда 22-орынды (2 күміс, 5 қола) қанағат тұтқан. 2014 жылы Инчхонда – 11 (7 алтын, 6 күміс, 11 қола), 2018 жылы Джакартада – 13 (5 алтын, 15 күміс, 13 қола), 2023 жылы Ханчжоудан – 11 (8 алтын, 132 күміс, 21 қола) орын алды. Яғни, Қазақстан параспорты алға жылжымаса, кері кеткен жоқ. Мәселенің бәрі тек әлеуетті кім, қалай пайдаланды деген сауалға келіп тіреледі.

Енді V жазғы Пара Азия ойындарының қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасының басым және әлсіз тұсына көз жүгірткен жөн. Өйткені паралимпиадалық құрама алдында екі үлкен белес тұр. Олар: Лос-Анджелес–2028 жазғы паралимпиада ойындары және Доха–2030 VI жазғы Пара Азия ойындары.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

ЮНЕСКО статистика институтының дерегіне сай 2023 жылы әлемдегі зерттеушілердің 31,4 пайызы нәзік жандылар болған (2013 жылы 29,5 пайыз еді). Бұл ғылымдағы әйелдер үлесінің онжылдықта өте баяу өскенін көрсетеді. Қызығы, бакалавриатта әйелдер 52 пайыз, магистратурада 55 пайыз, докторантурада 47 пайыз, яғни білім алу кезеңінде теңдік бар. Ал зерттеуші болғанда үлес төмендейді. STEM бойынша түлектердің 35 пайызы ғана әйел. Басшылық деңгейде айырма тіпті үлкен: ұлттық академиялардағы әйелдер үлесі 19 пайыз ғана.

Орталық Азия бұл тұрғыдан ерекше аймақ: мұнда зерттеушілердің 51,2 пайызы әйелдер, ал Оңтүстік және Батыс Азияда 26,9 пайыз, Шығыс Азия мен Тынық мұхитында 26,6 пайыз. Қазақстанда көрсеткіш одан да жоғары: 2025 жылы әйелдер зерттеумен айналысатын мамандардың 55,4 пайызын құраған. 2025–2027 жылдарға арналған жобалардың 57 пайызында, «Жас ғалым» жобаларының 63,4 пайызында ғылыми жетекші әйелдер болған. Бірақ технология салаларында көрсеткіш төмен: 2025–2026 оқу жылында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бағытында зерттеу жүргізген әйелдер үлесі 24,4 пайыз, инженерия, өңдеу және құрылыс бағытында 31,3 пайыз деңгейінде.

Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасымен танылған Есенгүл Кәпқызы да медиазерттеумен тыңғылықты айналысып келеді. Ол ғылымға университет бітіре салып келген жоқ. Жиырма жыл журналистикада жүріп, кейін өз саласының олқылықтарын көріп, соны зерттеуге бел буды. Тәжірибелі журналистпен ғылыми зерттеудегі әйелдердің орнына қатысты әңгіме өрбіткен едік.

Есенгүл КӘПҚЫЗЫ, *медиа зерттеуші, профессор:*

«ҚИЫНЫ – ҒЫЛЫМДАҒЫ «ПСЕВДО ЖОЛМЕН» КҮРЕСУ»

– Ғылым жолын таңдауыңызға не себеп болды?

– Бала кезімнен журналист болуды армандадым. Журналист болуыма екі адам ықпал етті. Біріншісі – анам. Ол кісі мектеп кітапханасының меңгерушісі, айтыс ақыны әрі журналист болған. Баянөлгейде шығатын «Жаңа өмір» газетінде ауыл туралы шағын заметкалары үнемі жарияланып тұратын. Әр мақаласында автор ретінде Егеухан Мұхамәдиқызы деп анамның аты шығатын. Газетте есіміңнің қатталып тұруы мені қатты қызықтыратын. Екіншісі – туған әпкем Бұлбұл Кәпқызы. Мен 1-сыныпта жүргенде ол 4-5-сыныпта оқып, жергілікті ақпарат құралдарына, «Қазақстан пионері» газетіне, «Балдырған» журналына хат-мақала жіберіп, мақталып жүретін. Университетті бітірген соң балалық арманның жетегімен қазақ журналистикасына білек түріп араласып кеттік. Ол кезде ғалым боламын деп мақсат қойған жоқпын. Алайда адамның өмірлік ұстанымы өзгереді екен.

Журналистикада 20 жыл жұмыс істедім. Сол кезде журналистерді дайындайтын оқу құралдарының жұтаңдығын, көпшілігінің орысшадан аударылатынын көрдім.

(Жалғасы 8-бетте)

Тегін қорғаңыз

ӘРТҮРЛІ

3. «ГАИН КОНСАЛТ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 251240028773) кредиторларына Серіктестіктің жалғыз қатысушысының 2026 жылғы «22» қазанда қабылдаған жарғылық капиталды 338.000.000,00 теңгеден100,00 теңгеге дейін азайту туралы шешімі жөнінде хабарлайды. Кредиторлар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабына сәйкес жазбаша талаптарын мына мекенжай бойынша ұсынуға құқылы: ҚР, 050057, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 42/15-үй.

4. ХАБАРЛАНДЫРУ
Маңғыстау облысы әкімдігінің 20.10.2026 жылғы № 173 қаулысына сәйкес, Маңғыстау облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Каспий футбол клубы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (БСН 171140027368) қайта ұйымдастыру (преобразование) жолымен «Каспий футбол клубы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС) болып қайта құрылатынын хабарлайды. «Каспий футбол клубы» ШЖҚ МКК-ның барлық құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес құрылатын«Каспий футбол клубы» ЖШС-не толық көлемде ауысады. Кредиторлардың талап-тілектері мен наразылықтары осы хабарландыру баспасөзде жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады: «Маңғыстау облысының денешынықтыру және спорт басқармасы»мемлекеттік мекемесі, Электрондық пошта: sport@mangystau.gov.kz, байланыс тел. +7 707 454 2120.

6. Хабарландыру
Астана қаласы әкімдігінің «№ 112 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 241240018239) өзінің Астана қаласы әкімдігінің «№ 112 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құрылуы туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.10.2026 жылғы №107-3521 қаулысының негізінде талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, А 102 көшесі, 39-ғимарат. Тел. 8 701 608 40 82.

15. АШЫҚ ТЕНДЕР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ
№ Т-166-NML/КМР-10.26, 24.10.2026 ж.
1. ТАПСЫРЫС БЕРУШІ – ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫ:
«Каскырказган Mineral recources» ЖШС
БСН: 161140007517
Мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла шағынауданы, Таусамалы шағынауданы, 220-үй, 3-пәтер, 050006.
Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ
ЖСК: KZ08601A861040389101 (KZT)
БСК: HSBKKZKX
Директоры: Магад Еркен. Электрондық пошта: Yerken.magad@gmail.com Тел. +7 701 317 53 42
2. НЕГІЗДЕМЕ:
Қатты пайдалы қазбаларды өндіруге арналған 2025 жылғы 19 мамырдағы №166-NML лицензиясы. Лицензияны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі берген, қол қойған тұлға – Шархан Иран Шарханович. Лицензияның қолданылу мерзімі: 2050 жылғы 19 мамырға дейін, 25 жыл. Кен орны: Кепчам. Пайдалы қазба: мыс. Аумағы: 0,22 км². Үлесі: 100%. WGS-84 координаттары: 1. 47°21’58,72» / 75°13’49,19»/ 2. 47°21’47,28» / 75°14’05,37»/ 3. 47°21’37,3» / 75°13’50,09»/ 4. 47°21’48,74» / 75°13’33,91»
3. ТЕНДЕРДІҢ МӘНІ: №166-NML лицензиясы бойынша өндіру жұмыстарының кешені: Аршынды жыныстарды алу – 12 000 м³. Мыс кенін ашық әдіспен өндіру – бірінші жылы 8 000 тонна. 1,5 км-ге дейін тасымалдау. Маркшейдерлік жұмыстар және жерді рекультивациялау.
4. ЛИЦЕНЗИЯ ШАРТТАРЫ (Мердігерлік шартта міндетті түрде көрсетілуі тиіс) Өндіруге жұмсалатын ең төменгі шығындар – жылына 1 063 АЕК. Әлеуметтік даму – жылына 1 000 АЕК, 206114 бюджеттік сыныптама коды (Ақтоғай ауданы). Қазақстандық қамту үлесі – кемінде 50%. Кадрларды оқытуға жұмсалатын шығындар – жалпы шығындардың 1%-ы. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒТКЖ) жұмсалатын шығындар – жалпы шығындардың 1%-ы.
5. МЕРДІГЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР: Қазақстан Республикасында тау-кен жұмыстарын жүргізуге арналған лицензияның болуы. Мыс өндіру саласында кемінде 3 жылдық тәжірибесі болуы. Қажетті техника: шөміш көлемі 1,2–2 м³ экскаватор; бульдозер; жүк көтергіштігі 20–25 тонна болатын 3 самосвал; бұрғылау станогы.
6. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМДЕРІ: Техниканы және персоналды жұмылдыру мерзімі: 2026 жылғы 15-30 қараша. Өндіру жұмыстарын бастау: 2027 жылғы 1 қаңтар. Өндіру жұмыстарының аяқталуы: 2050 жыл.
7. ТЕНДЕРЛІК ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ: Өтінімдер 2026 жылғы 11 қараша сағат 18:00-ге дейін (Астана уақыты бойынша) қабылданады. Өтінімдерді беру тәсілдері:
Электрондық платформа: -minerals.e-qazyna.kz БСН: 161140007517 Лицензия: 2025 жылғы 19 мамырдағы №166-NML.
- Электрондық пошта: Yerken.magad@gmail.com
- Қолма-қол тапсыру мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла шағынауданы, Таусамалы шағынауданы, 220-үй, 3-пәтер, 050006.
Портал жұмысының бұзылуына байланысты хабарландыру газет нұсқасында жарияланып отыр. Жарияланымды растайтын түбіртек ЕПН-ге қоса тіркеледі.

16. «Торговый центр «Санкт-Петербург» ЖШС (БСН 050140006308) директоры Б.И. Жамалбаева атынан жарғылық капиталдың 150 000 теңгеден 75 000 теңгеге дейін азайтылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 20-үй.

18. Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 8 қазандағы және 2026 жылғы 23 қазандағы ұйғарымдарымен «BeyAzh Trans» ЖШС-не (БСН 110240016194) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Анықтама алу үшін тел. 8-701-223-09-84.

21. «Grand Hall Unity» ЖШС (БСН 230640037552) жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 303. Тел. 8701 933 969.

22. «F Link (ЭФ Линк)» ЖШС (БСН 230640038065) 2026 жылғы 21 қазанда Серіктестіктің жалғыз қатысушысы Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша жазбаша нысанда қабылданады: ҚР, 050060, Алматы қаласы, Розыбакиев көшесі, 247А. Электрондық пошта: office_mca@megacenter.kz. Тел. 2322505 (ішкі 5017).

23. «FCI Management LLP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 080540002395) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 77-үй.

26. «STEEL SK» ЖШС (БСН 041140003833) өзінің жарғылық капиталын 100 000 (жүз мың) теңгеге дейін азайтатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талап-шағымдары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 101401, ҚР, Теміртау қаласы, Горка Дружбы көшесі, 12Б, 12-үй. Тел. +7 (7213) 952412, 87015200519.

27. Астана қаласы әкімдігінің «№113 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 250240022345) Астана қаласы әкімдігінің «№113 жалпы орта білім беретін мектеп» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.20.2026ж. № 107-3521 қаулысының негізінде Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Шәмші Қалдаяқова, 38. Тел. 87771625562.

28. Астана қаласы әкімдігінің «Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 990440002173) Астана қаласы әкімдігінің «Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып қайта құру жолымен заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Астана қаласы әкімдігінің 22.20.2026ж. № 107-3521 қаулысының негізінде Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Шәмші Қалдаяқова, 38. Тел. 87771625562.

29. Алматы облысы Талғар аудандық сотының 2026 жылғы 22 қазандағы ұйғарымына сәйкес, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылы, «АКХ Казмис», № 1832 үй мекенжайында тұратын арыз беруші Жеңіс Исаұлының 2005 жылғы 6 шілдеде Алматы облысы, Талғар ауданында туған Сәрсен Жеңісұлын хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Сәрсен Жеңісұлының соңғы жұмыс орны белгісіз. Оның жүрген жері немесе ол туралы қандай да бір мәліметтері бар адамдардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Алматы облысы, Талғар қаласы, Гагарин көшесі, 90-ғимарат мекенжайында орналасқан Талғар аудандық сотына хабарлау сұралады.

30. «Спецодежда Костанай» ЖШС (БСН 080540003610) жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Бородина көшесі, 168А.

32. «Милейко» ЖШС «БСН 041140002930) (бұдан әрі – «Серіктестік») 27.10.2026 ж. Серіктестік мүшелері «Бобровское» ЖШС-ін (БСН 041240019017) қосу жолымен Серіктестікті қайта құру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды, «Бобровское» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Глубоковский ауданы, Тархан ауылдық округі, Винное ауылы, Клубная көшесі, 35-құрылымы бойынша орналасқан. Кредиторлар осы хабарламаны алған күннен бастап екі ай мерзімде Серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не Серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар. Талаптарды Серіктестікке жазбаша нысанда жіберуге болады, ал олардың көшірмелерін Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынуға болады.

33. «Бобровское» ЖШС (БСН 041240019017) (бұдан әрі – «Серіктестік») 27.10.2026 ж. Серіктестік мүшелері «Милейко» ЖШС-іне (БСН 041140002930) қосылу жолымен Серіктестікті қайта құру туралы шешім қабылдағанын хабарлайды, «Милейко» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы, Глубоковский ауданы, Тархан ауылдық округі, Винное ауылы, Клубная көшесі, 35-құрылымы бойынша орналасқан. Кредиторлар осы хабарламаны алған күннен бастап екі ай мерзімде Серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не Серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар. Талаптарды Серіктестікке жазбаша нысанда жіберуге болады, ал олардың көшірмелерін Серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынуға болады.

ТАРАТУ

5. «KoksheAudit» ЖШС (БСН 190440034769) (Көкшетау қаласы, Жұмағали Тілеулин көшесі, 86-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Көкшетау қаласы, Сырымбет көшесі, 2Б. Тел. 8 701 415 66 04.

9. «Daur Energy» ЖШС (БСН 240140033632) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, 071410, Ертіс көшесі, 11-үй, 41-пәтер. Тел. 8 771 438 33 32.

12. «TELCOM» ЖШС (БСН 020740005653) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу-2 шағынауданы, 54-үй, 37-пәтер. Тел. +7 701 996 01 70.

13. «Строитель 24» ЖШС (БСН 240440035997) (ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Бәйдібек Қарашаұлы көшесі, 21-үй, кадастрлық нөмірі 21:318:087:835:21/Г1 жер учаскесі), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қостанай қаласы, Павлов көшесі, 157/3. Тел. +7 708 755 16 39.

14. «Tamos La Vie» ЖШС (БСН 240540006580) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, ҚР, Астана қаласы, Шұбар тұрғын алабы, Наркескен көшесі, 1-үй, 18-пәтер. Тел. 8 776 888 76 54.

17. «Панфилов ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (БСН 050640005744) Панфилов ауданының «Жаскент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (БСН 130340000690) таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Н.Н.Головацкого көшесі, 129-үй. Байланыс тел. 8 72831 51388.

19. «СпецАвтоБизнес» ЖШС (БСН 220740011613) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылы, Казахстанская көшесі, 2/2-үй.

20. «Equitas Legal» ЖШС (БСН 241140004827) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы дала даңғылы, 70-үй, 6-пәтер.

24. «Технұр» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 251240022189) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Өргебас ауылы, Мәдениет көшесі, 17-үй, 160532.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

25. «Авто Микс company» ЖШС (БСН 210940026702) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 30А, 47-кеңсе, тел. +7(908)315-03-85.

31. «Жүрсін» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170140031036) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Мастексай ауылы, Қ. Рысқалиев көшесі, 14-үй, 2-пәтер.

34. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы № 894 «Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік меншік объектілерін оңтайландырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысына қоса берілген таратылуға жататын ұйымдар тізбесінің 97-тармағына, сондай-ақ Абай облысы Семей қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 5 қазандағы № 1150 «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Келешек» көпсалалы пайдалану кәсіпорны» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнын тарату туралы» қаулысына сәйкес, (БСН: 220240016236) «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) осы арқылы «Абай облысы Семей қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқындағы «Келешек» көпсалалы пайдалану кәсіпорны» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының таратылатынын хабарлайды. (БСН: 090940003092). Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Тәңірбергенов көшесі, 1, 2-қабат. Тел. 8 (7222) 30-41-40.

МҰРАГЕРЛІК

7. 24.03.2026 ж. қайтыс болған Ермаганбетов Сабыр Орынбасаровичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

8. 01.05.2026 ж. қайтыс болған Әшірова Шолпанның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

10. 08.05.2026 ж. қайтыс болған Нурымгереева Галина Калияевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

11. 26.04.2026 ж. қайтыс болған Ерғалиұлы Махамбетқалидің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағы Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласының мамандандырылған тергеу сотының судьясы Исламхан Амангелдіұлы Есенбаевқа жұбайы

Гүлнәр Темірболатқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What’sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070

Әлеуметтік желілерде біздің топтарға қосылыңыз!